

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ

А.Д.Рысқұлбекова

ҚР білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты мен міндеттерінде білім мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту, сапалы білім беруге тең қол жеткізу сапалық құрамын жақсарту мәселелері нақты көрініс табады. Аталған кешенді нәтижеге қол жеткізуде болашақ ұрпақтың күрделі және сан қырлы танымдық іс-әрекетінің жиынтығын құрайтын маңызды кәсіби дағдыларының бірі – *сын тұрғысынан ойлау* қабілетін дамыту оқыту мақсатына айналуға.

Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл үдеріс оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сонымен қатар өзара тығыз байланысты әрі күрделі қабілеттілік ретінде маңызды болып табылады.

Білім – елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегия.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Қазіргі кезде Қазақстанда жоғарыда сипатталған жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейдегі жұмыстар республикалық деңгейде жүргізілуде. Оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді.

Сыни ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын проблемаларды/мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау оқушыларды ақпаратпен жұмыс жасауға, жан-жақта тұрғыдан кез келген жәйтті талдауға, бағалауға, таңдау жасап, шешім қабылдауға баулиды. Оқушылар бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды.

Адам қашан терең ойлана бастайды? Бірінші мезетте оның алдында дайын жауабы жоқ қандай да бір мәселе (проблема) немесе әлі де үйреншікті

бола қоймаған жаңа ақпарат пайда болғанда. Екіншіден, адам бұл проблеманың жауабын табуға ұмтылыс жасағанда немесе жаңа нәрсені түсініп, оның байыбына жетуге тырысқанда. Ойланудың қандай да болмасын қиындық, ыңғайсыздық, күмән туғанда пайда болатындығы туралы философ Джон Дьюи былай деп жазған: «*Ойлау тығырыққа тіреліп, таңдау жасау керек кезде басталады*»

Қазіргі ғылыми мәселелерді шешу ахуалы. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту туралы психолог ғалымдардың Н.А. Менчинская, Е.Н. Кабанова-Меллер, Л.С. Выготский, З. Калмыкова, Л.Н. Леонтьев, А.А. Люблинская, А.В. Петровский, Л.В. Занков, В.В. Давыдовтың және т.б. еңбектерінде көптеген пікірлер айтылған. Ойлауды дамытудың қажеттілігі туралы әдіскерлер А.Я. Зорина, Ж. Икрамов, И.Я. Лернер, А.В. Усова, оқушының сыни ойлауын дамыту туралы Б.Г. Ананьев, Ж. Пиаже, Л.С. Рубинштейн еңбектерінде психикалық үдерістің саналы және өздігінен әрекет етуінің пайда болуы мен және дамуымен сипатталады.

Кіші мектеп жасындағы балалардың ойлауын дамыту туралы Н.А. Менчинскаяның еңбектерінде ойлауды дамыту оқытумен тығыз байланысты екені айтылған.

Сын тұрғысынан ойлау – тұлға дамуындағы жаңа танымдық қабілет емес. Ежелгі философтар, психологтардың және қазақ ағартушылардың еңбектерінде сын тұрғысынан ойлау мәселесі әр жақты қарастырылған.

Қазақстандық ғалымдар: С. Мерсейітова, Б. Тұрғынбаева, А. Әлімов және т.б. ғалымдар еңбектерінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдістемесі жөнінде зерттеулері жалпы білім беретін мектеп тәжірибесінде кеңінен қолданыс табуда.

Сын тұрғысынан ойлаудың тамырын сонау сократтық дәстүрге дейінгі 2500 жыл бұрынғы дәуірден көруге болады, сол кездің өзінде беделді негізде алынған білімді тексеру үшін жетекші сұрақтарды пайдалану қалыптасқан: олар тиімділік, нақтылық пен сыни сабақтастықтың талаптарына жауап бере ала ма деген сауалды ортаға тастайды. Қазіргі әлемде сын тұрғысынан ойлау қазіргі заманғы жұмыс күшінің ойлау дағдыларынан күтілетін үміт пен оған қойылатын талаптарды қанағаттандыру деңгейін анықтау құралы ретінде қаралады. ХХ ғасырда осы проблеманы Франкфурт сыни әлеуметтік теория мектебі қарастырды.

Сыни ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын проблемаларды/мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау оқушыларды ақпаратпен жұмыс жасауға, жан-жақта тұрғыдан кез келген жәйтті талдауға, бағалауға, таңдау жасап, шешім қабылдауға баулиды. Оқушылар бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды.

Сыни ойлау әр адамды табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады: адам басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түседі, қоғамдағы беделдердің пікірлерін ақиқат ретінде қабылдамай, оларға

күмәнмен қарай бастайды, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай біледі. Осылайша сыни ойлаушы өзін-өзі шектей біледі, басқалардың пікірлерімен санасып, өз көзқарасын олармен салғастырады, қоғамда кеңінен таралып, көпшіліктің қабылдаған көзқарастарды мойындамай, олардың дәлелдері мен тұжырымдауларын іздестіреді. Алайда бұл күмәндану жокқа шығаруды білдірмейді: осындай әрекеттер арқылы сыни ойлау аталмыш көзқарасты қабылдауға әкелуі әбден ықтимал. «Сыни ойлау» ұғымында «сынау», яғни «кемшіліктерді айқындау» мағынасы жоқ. Сыни ойлаудың мәнін «байыбына үңілу», «терең бойлау», «зерделеу», «екшеп-текшеп, жан-жақты қарастыру», «өзіңе сұрақ қойып, соның жауабын іздестіру» деп те келтіруге болады.

Сонымен, сыни ойлау мынандай жағдайларда болады:

- кез келген проблема не ақпаратпен өздігімен жұмыс жасағанда;
- кез келген проблема не ақпаратты өзіндік тәжірибе (өмірлік, кәсіби) тұрғысынан қарастырғанда;
- кез келген проблема не ақпарат туралы өзіндік (дербес) пікір қалыптастыру барысында;
- өз пікірі мен көзқарастарын тұжырымдап, оларды дәлелдеуде;
- кез келген проблема не ақпаратты жан-жақты тұрғыдан қарастырғанда;
- бірлесе жұмыс жасағанда (топта, жұпта, командада);
- өзгелердің пікірлерін бағалап, қабылдағанда.

Ал **сыни ойлаушының** ерекшеліктері мынандай болады деп тұжырымдауға боларлық:

- кез келген проблема не ақпарат бойынша нақты сұрақтар қояды;
- ең маңызды жәйттерді бөліп шығарады;
- проблема не ақпаратқа қатысты деректерді қолданады;
- критерийлер мен стандарттарды қолданады;
- критерийлер мен стандарттарға негізделінген дәлелді қорытынды мен шешімдер келтіреді;
- өз пікірі мен көзқарастарына деген жоғары жауапкершілігі бар;
- ақпаратты бір мағыналық жүйеден екіншіге аударады (вербалдыдан визуалдыға немесе керісінше);
- қарастырып отырған мәселені басқаларымен салыстырады;
- балама ұсыныстар мен көзқарастарды тұжырымдайды;
- икемді болады: өз ойлары мен пікірлерін өзгерте біледі, қателерін мойындап, оларды түзейді;
- себеп-салдарды анықтайды;
- талдайды, тұжырым жасап, қорытындылайды;
- мәселеге ауқымды тұрғыдан қарап, бірінші мезетте тек қомақты жәйттерді бөліп қарастырады;
- шешім қабылдауда басқалармен тиімді түрде ынтымақтасады;
- ақпаратты шығармашылық тұрғыдан түрлендіреді;
- әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпарат табады, оның мазмұнын, бағытын, мақсатын өздігінше түсінеді;

- өз әрекеттерін бақылайды, оларға баға береді, жақсарту жолдарын іздейді;

- басқалармен тіл табысып, ортақ мәмілеге келуге тырысады;

- өзіне өзі нақты баға бере алады;

- өзге пікірлерді бағалай біледі;

- ұсыныстар мен гипотезалар жасай біледі;

- айтылған сынға байыппен қарайды;

- өз ұстанымдарын икемді түрде өзгерте алады;

- өз жұмысын жақсарту жолдарын іздестіреді;

- негізгі ойлау қадамдарын ретімен, логикалы түрде және тереңінен қолданады.

«Білімді болу үшін үйренуші еңбектенуі керек, әрекет жасауы қажет. Білімді өз басында пайда болуы үшін адам оны есіне сақтап, түсінуі, қолдануы, талдау жасауы және бағалауы қажет. Үйренуші өзін білімді игеру үдерісінің басты тұлғасы ретінде сезініп қана үйренеді. Үйрену ісі белсенді әрекеттерден: ұмтылыс, талаптану арқылы құралады.

Білімді игеру екі жақтың да (шәкірт пен ұстаздың) белсенділігін қажет етеді. Мұнда ұстаз «білім көзі» рөлінен «ұйымдастырушы, сабақты жүргізуші, бағыт-бағдар беруші, талаптандырушы, көмекші» рөлдерімен алмастырады.

Проблемаларды шешу үшін адам бірінші кезекте ойлай білуі керек. Қазір ойлау мен ойлай білетін адамдардың маңызы ерекше. Терең ойлай білу – адамның басты қасиеті. Ойлау арқылы ғана адам бұл өмірден өз орнын табады.

«Бас адамға есте сақтау үшін берілмей, ойлау үшін берілген!».

Қазіргі ойлаудың түрлері:

1. Сыни ойлау;
2. Проблема шешуде қолданылатын ойлау;
3. Шығармашылық ойлау.

Ойлаудың түрлері

Сыни ойлау	Проблема шешуде қолданатын ойлау	Шығармашылық ойлау
<ul style="list-style-type: none"> - Берілген критерийлер бойынша бағалау - Рефлексия түріндегі күмәндану - Дербес түрде пайымдау, қорытындылау - Сыни талдауды қолдану - Жүйелі түрде ойлау 	<ul style="list-style-type: none"> - Аналитикалық ойлау - Эмпирикалық ойлау - Жүйелі түрде ойлау -Эвристиканы қолданады -Алгоритмдерді қолданады - Конвергенттік ойлау -Сызықтық ойлау (проблемалар бірінен соң бірі шешіледі) 	<ul style="list-style-type: none"> - Интуитивтік ойлау - Жорамалдық ойлау - Күмәндану -Әртүрлі тәжірибиелерді жинақтайды, біріктіреді

Сыни ойлау – сенім мен құндылықтарды таңдау, қандай да болмасын мәселе бойынша барлық сұрақтар қарастырылғанша «сыпайы» түрде күмәндану.


Проблема шешуде қолданатын ойлау – жүйелі талдауды қажет ететін ойлау процесі, мұнда бұрынғы білім білмейтінді анықтау үшін қолданылады.

Мұғалімнің жұмыс әдістемесін жетілдіру мүмкіндіктері оқушылардың ойлау әрекеттерін нығайта отырып, мақсаткерлікпен басшылыққа алу қабілетіне байланысты болады. Мұғалім тек психологиялық-педагогикалық білімге сүйене отырып, қана, яғни психология мен дидактикалық мәліметтермен сәйкес келетін әдістемені математика пәнін үйрету кезінде қолдану жүйесін қамтитын заңдылықтар жүйесіндегі білімге сүйену арқылы ғана бұл басшылықты жүзеге асыра алатындығы анық.

Бұл заңдылықтар сабақ әрекеті жүзеге аса алатын сыртқы және дидактикалық жағдайлар мен оқушылардың санасында болатын ішкі танымдық процестердің өзара қатынасын ашады. Ішкі жағдайларда жаттығулардың мазмұндары мен олардың кезектілігі және сабақты ұйымдастыру құралдары кірсе, сыртқыға ойлау әрекеттері, есте сақтау процестері және жадымен жұмыс жасау жатады.

Заңдылықтарда оқушылардың білім алу әрекеттерінің сыртқы процестері мен ішкі және дидактикалық жағдайлардың арақатынасы көрінетіндіктен, осы заңдылықтарға сүйену арқылы мұғалім сыртқы жағдайларды өзгертіп, оқушы санасында жүзеге асатын ішкі процестерді үйлестіре алатын болады.

«Оқытудың кейбір мәселелері» (2003) кітабында ойлаудың түрлері арасындағы арақатынас схема түрінде берілген. Берілген арақатынасты еске ұстау тек математика пәнін оқыту кезінде ғана емес, кез келген сабақты жоспарлауда басшылыққа алу маңызды деп санаймыз.



Ойлау үдерістерінің әлемі

Бастауыш білім беру үдерісінде оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға үйретуде келесі мәселелерді ескерген жөн:

-оқушылардың сын тұрғысынан ойлаулауын дамыту, ой-толғанысқа белсенді араласы, алған білімге жауапкершілікті мойынға алу, жеке пікірлерін қалыптасрыпы, басқаның ойына құрметпен қарауды;

-сабақты білім беру кезінде шешім қабылдауға алып келетін фазалық құрылым бойынша құру. (Ақпараттық бюллетень, 2001)

Оқытуда оқушылардың үйретілген материалға неғұрлым белсенді қатысатындықтары мен жұмыс түрінің әрбір оқушының сабақта өздерін ыңғайлы сезіндіретіндігі мен айшықталатындығын көрсетеді. Ешқандай бұйрықсыз, шығармашылыққа толы динамикалық жағдайда материал тез қабылдайтынын мойындауға болады. Мұндай сабақтарда әрқашан өзара түсіністік пен қолдаушылық және шығармашылықты ізденімпаздық алдыңғы орында көрініс табады. Сонымен қатар, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдістері қолданылған сабақтарда мұғалімдердің әрбір оқушыны қызықтыруына жола ашып, нәтижесінде барлық оқушы сабаққа қамтылады.

Сабақта сын тұрғысынан ойлау тәсілдерін қолдану оқушыларда келесідей құндылықтар мен көзқарастарды қалыптастыруға ықпал етеді:

- Негізгіні анықтау;
- Өзара қолдау көрсету
- Еркін таңдау жасау
- Топпен талқылау
- Ізденіс
- Өз бетімен жұмыстану
- Жеке пікір
- Тақырыпты өз бетімен үйрену
- Жоғары нәтижеге қол жеткізу.

Сын тұрғысынан ойлау, қысқаша, өзін-өзі бағыттаушы, өзін-өзі тәртіпке келтіруші, өзін-өзі қадағалаушы, және де өзін-өзі түзетуші ойлау болып табылады. Ол шеберліктің қатаң стандарттары мен оларды пайдаланудың ойластырылған дағдыларын талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
- 2 Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысына қосымша
- 3 ҚР Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға арналған деңгейлік бағдарлама. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Астана, 2015 ж.
- 4 (Дьюи Д. Психология и педагогика мышления. – М.: Совершенство, 1997, 285 бет).
- 5 Давыдов В.В. Психология развития в младшем школьном возрасте. Возрастная и педагогическая психология / под ред. А.П.Петровского. – М.: Просвещение, 1973. – 211 с.
- 6 А.Х.Әлімов. Интербелсенді әдістемені ЖОО – да қолдану мәселелері, Оқу құралы. Алматы – 2013 ж.